

Кешіктіруден шешімге дейін: кредиттер бойынша берешекті реттеу тәртібі қалай өзгерді

Қазақстанда тұтынушылық кредит беру және қаржы ұйымдары клиенттерінің құқықтарын қорғау жүйесін реформалау жалғасуда. Соңғы екі жылда банктер мен микроқаржы ұйымдарында мерзімі өткен берешекті реттеу тәртібін айтарлықтай өзгертетін жаңа нормалар күшіне енді. Реформалардың мақсаты – халықтың борыш жүктемесін азайту және азаматтарға сотқа жүгінбей және коллекторлардың қысымынсыз төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндік беру.

Төменде банктік қарыздар немесе микрокредиттер бойынша туындаған мерзімі өткен берешекті реттеу рәсімінде не өзгергені, осы рәсімді қандай жағдайда қолдануға болатыны және ол міндетті түрде кімге берілетіні түсіндіріледі.

Не өзгерді?

1. 2021 жылғы 1 қазаннан бастап Қазақстанда заңнамалық тәртіп қолданылады, оған сәйкес кредитті өтеуде қиындыққа тап болған қарыз алушы өзінің мерзімі өткен берешегін реттеу үшін кредиторға жүгінуге құқылы. Кредитор қарыз алушыдан кешіктіру себебін және кредитті одан әрі өтеудің мүмкін нұсқаларын көрсететін жазбаша өтініш қабылдады.

Осы жылдың басынан бастап клиентте берешекті реттеу мәселелері бойынша кредитормен байланысу орнатудың жаңа, қарапайым тәсілдері бар. Енді борышкер қаржы ұйымының мобильді қосымшасы немесе сайты арқылы осындай өтінішпен жүгіне алады. Қаржы ұйымының мобильді қосымшасы немесе сайты арқылы жіберілген өтінішті банк немесе МҚҰ қабылдауға және тіркеуге міндетті.

2. Мерзімінің өтіп кеткені туралы хабарлау мерзімі де өзгерді. 2021 жылдан бастап банк немесе МҚҰ борышкерді мерзімі өткен сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей хабардар етті. 2024 жылдан бастап мерзім 20 күнге дейін қысқартылды. Қазіргі уақытта банктер мен МҚҰ мерзімі өткен кезден бастап 10 күн ішінде шартта көзделген тәсілмен қарыз алушыны хабардар етуге міндетті. Мерзімдерді қысқарту реттеу рәсімінің уақытын созбауға бағытталған.

Мерзімі өткен сәттен бастап 30 күн ішінде қарыз алушы кредиторға мерзімнің өту себептері туралы ақпарат береді және өзінің реттеу нұсқаларын ұсынуға құқылы. Қарыз алушы қайта құрылымдау үшін жүгінген кезде кредиторға өзінің жағдайын түсіндіруі керек. Жолданымда ол қандай кредит туралы жазғанын көрсетеді, не болғанын және неге бұрынғы режимде уақытша төлей алмайтынын, қаржылық жағдайының қалай өзгергенін сипаттайды — табысы азайды, жұмысынан айырылды, қосымша шығындары бар, ауру немесе басқа да өмірлік қиындықтар пайда болды. Одан кейін қарыз алушы нақты қандай көмек сұрайтынын түсіндіреді: төлемді азайту, кейінге қалдыру, кредит мерзімін ұзарту немесе кестені және қайта құрылымдаудың басқа түрлерін қайта қарау. Мұндай колдаудың қай кезеңге қажет екенін және ол қазір қанша төлей алатынын жазу маңызды. Қалыптасқан жағдайды растау үшін қарыз алушы құжаттарды ұсынуы қажет.

Қаржы ұйымы өтінішті 15 күн ішінде қарап, шешім қабылдайды. Егер 30 күн ішінде ымыраға келетін шарттарға қол жеткізілмесе, онда кредитор реттеу рәсімінен бас тартты деп саналады.

3. Егер өзара қолайлы шешім табылмаса, қайда жүгіну керек

Егер кредитор мен қарыз алушы қайта құрылымдау нұсқалары бойынша ортақ пікірге келмеген жағдайда, қарыз алушы мәселені сотқа дейінгі тәртіппен шешу үшін банктік немесе микроқаржы омбудсмандарына жүгіне алады. Өткен жылдан бастап банк омбудсманының өкілеттігі кеңейтіліп, алғаш рет микроқаржы омбудсманы институты енгізілді. Егер бұрын банк омбудсманы банк пен клиент арасында тек ипотекалық кредиттер бойынша туындаған дауларды қараса, енді ол жеке тұлғалардың тұтынушылық қарыздары және коллекторлық агенттіктерге берілген қарыздар бойынша мәселелерді қарайды. Микроқаржы омбудсманының мәселелерін

қарау аясына жеке тұлғалардың қарыздары мен коллекторлық агенттіктерге берілген қарыздар кірді. Омбудсмандардың қызметтері тегін.

Осылайша, мерзімі өткен кредиттері бар қарыз алушылардың жолданымдарын қараудың үш деңгейлі жүйесі қалыптасты. Ең алдымен банкке немесе МҚҰ-ға хабарласу қажет. Егер мәселе шешілмесе және тараптар арасында шешім табылмаса, онда қарыз алушы банк немесе микроқаржы омбудсманына жүгінеді. Егер қарыз алушы омбудсманның шешімдеріне қанағаттанбаса немесе шешім қабылданбаса немесе банк / МҚҰ шешімді орындамаса – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жүгінуге құқығы бар.

4. Кредиттер бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруды кім міндетті түрде ала алады және қандай жағдайда?

Қазақстанда кредиттер мен қарыздар бойынша заңнамаға 2024-2025 жылдары осал топтардағы адамдарды, оның ішінде әскери қызметшілерді, аз қамтылған азаматтарды, сондай-ақ төтенше жағдайлардан зардап шеккен адамдарды ескеретін маңызды толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер борыш жүктемесін жеңілдетуге және қиын өмірлік жағдайдағы қарыз алушыға қарыздарды қайта құрылымдауға мүмкіндік беруге арналған.

2024 жылғы маусымда қол қойылған заңда әскери қызметшілерге арналған арнайы қағида көзделген. Міндетті әскери қызмет өткеретін адамдар үшін, сондай-ақ демобилизациядан кейін 60 күн ішінде кредиттер бойынша айыппұлдар мен пайыздарды есептеу тоқтатыла тұрады, сондай-ақ кредитті төлеу бойынша төлем мерзімі кейінге қалдырылады.

Яғни, егер әскери қызметшінің кредиті болатын болса, қызмет кезеңінде және демобилизациядан кейін оған борышқа қызмет көрсету бойынша «жеңілдік» беріледі. Бұл азаматтық өмірге қайта оралғаннан кейін кіріс немесе тұрақтылықты қалпына келтіруге уақыт береді.

Сондай-ақ, Агенттік ағымдағы жылы мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге кредит беруге тыйым салу талабын енгізді. Банктер мен МҚҰ қарыз берудің алдында қарыз алушының мәртебесін мерзімді қызметке шақыру немесе оны өткеру тұрғысынан тексеруге тиіс. Егер адам мерзімді қызметте болса, оған кредит берілмейді. Әскери қызметшінің мәртебесі туралы деректер кредиттік бюроларға беріледі, содан кейін олар банкке немесе МҚҰ-ға хабарлайды.

Халықтың әлеуметтік осал топтары және ТЖ-дан зардап шеккендер

2024-2025 жылдардағы бастамалар күнделікті қиындықтарға немесе төтенше жағдайларға байланысты кірісін жоғалтқан немесе дағдарысқа ұшыраған азаматтарды қолдауға бағытталған. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтар үшін өмірлік жағдайдың нашарлауы құжат жүзінде расталған жағдайда кредиттерді төлеу мерзімі кемінде үш айға кейінге қалдыру мүмкіндігі көзделген.

Төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендерге төлем мерзімі айыппұлдар мен қосымша комиссияларсыз міндетті түрде кемінде 3 айға кейінге қалдырылады. Төлемдер кестесін қолданыстағы төлем сомасының 50%-ына азайту арқылы өзгерту қолдау көрсетудің тағы бір нұсқа болуы мүмкін.

Өмірлік қиын жағдайға (кірістің қысқаруы, ауру, жұмыстан немесе жалақыдан айырылу) тап болған адамдар айыппұлдар мен коллекторлық қысымынан уақытша босатылуы мүмкін.

Қарызды қайта құрылымдау шарттары төмендегідей болуы мүмкін:

- сыйақы мөлшерлемесін азайту;
- төлем мерзімін кейінге қалдыру;
- өтеу әдісін өзгерту;
- қарыз сомасын ұлғайту;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, айыпақының (айыппұл, өсімпұл), комиссиялар мен қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдердің күшін жою;
- ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті дербес түрде сату немесе кепіл мүлкін кредиторға беру арқылы бас тарту төлемін ұсыну;
- міндеттемені сатып алушыға беру арқылы жылжымайтын мүлікті өткізу.

Материал www.fingramota.kz сайтының көмегімен дайындалды